

Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңды.

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Сот билігі

1. Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқа заседательдері арқылы соттарға ғана тиесілі.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салады.

Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ.

Сот ісін қарau тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алына болмайды.

2. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституациясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституациясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі.

Ешкімді де оның ісін заңынан барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз және алаламайтын соттың қарau құқығынан айыруға болмайды.

Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

3. Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мэртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді.

Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді. Сот ісін жүргізудің белгіленген тәртібіне қарамастан берілген сот істері бойынша, сондай-ақ соттың құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша өтініштерді сот қараусыз қалдырады немесе тиісті органдарға жібереді.

Сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сот актілері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндettі. Сот актілері мен судьяның талаптарын орындауда заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

2-бап. Мемлекеттік биліктің нышандары

1. Соттар ғимараттарына және сот отырысы залдарына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы орнатылады және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы орналастырылады.

2. Судьялар сот төрелігін судья мантиясын киіп жүзеге асырады, оның нысаны мен сипаттамасын Жоғарғы Соттың жалпы отырысы бекітеді .

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен.

3-бап. Сот жүйесі

1. Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституациясына және осы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа соттар құрайды.

Қандай да болмасын атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол берілмейді.

2. Жергілікті соттарға мыналар жатады:

1) облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, респубикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары);

2) аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық сот, ауданараптық сот).

3. Қазақстан Республикасында басқа соттар, оның ішінде кассациялық, мамандандырылған (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа) соттар құрылуы мүмкін.

3-1. Мамандандырылған соттарды облыстық немесе аудандық сот мәртебесімен Қазақстан Республикасының Президенті құрады.

3-2. Кассациялық соттарды өнірараптық сот мәртебесімен Қазақстан Республикасының Президенті құрады.

4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа соттардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы мен өзінің атауы бейнеленген мөрі болады.

5. Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кірмейтін "Астана" халықаралық қаржы орталығы сотының ерекше мәртебесі болады.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 109-VIII (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

4-бап. Сот жүйесінің бірлігі

Қазақстан Республикасы сот жүйесінің бірлігі:

1) Конституцияда, осы Конституциялық заңда, іс жүргізу және өзге де заңдарда белгіленген, барлық соттар мен судьялар үшін ортақ және бірыңғай сот төрелігі принциптерімен;

2) сот билігін барлық соттар үшін сот ісін жүргізудің заңдарда белгіленген бірыңғай нысандары арқылы жүзеге асырумен;

3) Қазақстан Республикасының барлық соттарының қолданыстағы құқықты қолдануымен;

4) заңдарда судьялардың бірыңғай мәртебесін баянды етумен;

5) заңды қүшіне енген сот актілерін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындаудың міндеттілігімен;

6) барлық соттарды тек қана Республикалық бюджет есебінен қаржыландырумен қамтамасыз етіледі.

Осы бапта көзделген талаптар "Астана" халықаралық қаржы орталығының сотына қолданылмайды.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

5-бап. Қазақстан Республикасындағы соттар қызметінің тәртібін және судьялардың мәртебесін белгілейтін заңдар

Қазақстан Республикасындағы сот құрылышы мен судьялар мәртебесі, сондай-ақ сот төрелігін іске асыру тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Конституциялық заңмен және басқа да заң актілерімен белгіленеді.

2-бөлім. СОТ ЖҮЙЕСІ

1-тaraу. АУДАНДЫҚ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ТЕҢЕСТИРІЛГЕН СОТТАР

6-бап. Аудандық және оларға теңестірілген соттарды құру

1. Аудандық және оларға теңестірілген соттарды (бұдан әрі – аудандық соттар) сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) басшысының Жоғарғы Сот Төрағасымен және Жоғары Сот Кеңесімен келісілген

ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, атауын өзгертеді және таратады.

Қазақстан Республикасының Президенті бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікте ауданаralық сот немесе бір әкімшілік-аумақтық бірлікте бірнеше аудандық сот құруы мүмкін.

2. Аудандық соттар үшін судьялардың жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

3. Жоғарғы Сот Төрағасы уәкілетті органның ұсынуы негізінде Жоғары Сот Кеңесімен келісу бойынша әрбір аудандық сот үшін судьялардың санын белгілейді.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 215-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

7-бап. Аудандық соттың құрамы

1. Аудандық сот Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен тағайындалатын төрағадан және судьялардан тұрады.

Егер аудандық сотта штат бойынша бір судья (бірқұрамды сот) көзделсе, ол осы соттың төрағасы өкілеттігін атқарады.

2. Алып тасталды - ҚР 2006.12.11 № 199 Конституциялық заңымен.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

8-бап. Аудандық соттың өкілеттігі

1. Аудандық сот бірінші инстанциядағы сот болып табылады.

2. Аудандық сот:

1) өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды;

2) алып тасталды - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

3) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

9-бап. Аудандық соттың төрағасы

1. Аудандық соттың төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) сотта сот ісін жүргізууді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

2) алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

- 3) азаматтарды қабылдауды жүргізеді;
- 3-1) аудандық соттың жұмыс жоспарын бекітеді;
- 4) судья лауазымына кандидаттардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;
- 6) өкімдер шығарады;
- 7) занда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Аудандық соттың төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда осы сот төрағасының өкімі бойынша төраға міндеттерін атқару осы сот судьяларының біріне жүктеледі.

Аудандық сотта төраға, судьялар болмаған жағдайда, олардың міндеттерін атқару Жоғарғы Соттың Төрағасымен келісу бойынша облыстық сот төрағасының өкімімен басқа соттың судьяларына жүктеледі.

Аудандық сот төрағасының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда төрағаның міндетін уақытша атқару облыстық сот төрағасының өкімімен осы сот судьяларының біріне жүктеледі.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.12.29 № 370-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

2-тaraу. ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ТЕҢЕСТИРІЛГЕН СОТТАР

10-бап. Облыстық және оларға теңестірілген соттарды құру

1. Облыстық және оларға теңестірілген соттарды (бұдан әрі – облыстық соттар) Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, қайта атайды және таратады.

2. Облыстық соттар судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Әрбір облыстық сот үшін судьялардың санын уәкілетті органның ұсынуы негізінде Жоғары Сот Кеңесімен келісім бойынша Жоғарғы Соттың Төрағасы белгілейді.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - КР 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

11-бап. Облыстық соттың құрылымы мен құрамы

1. Облыстық сот төрағадан және судьялардан тұрады.
2. Облыстық сотта сот алқалары құрылады және мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін.
3. Мыналар:
 - 1) жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстар;
 - 2) алып тасталды - ҚР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз);
 - 3) азаматтық істер жөніндегі сот алқасы;
 - 4) қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы;
 - 5) әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы (Қазақстан Республикасының Әскери сотын қоспағанда) облыстық соттың органдары болып табылады.

Сот алқасын осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын төраға басқарады.

4. Сот алқасының сандық және дербес құрамын облыстық сот төрағасының ұсынуы бойынша облыстық соттың жалпы отырысы белгілейді.

5. Мамандандырылған құрамдарды облыстық соттың төрағасы жасақтайды.
6. Судья лауазымына кандидаттардың моральдық-адамгершілік қасиеттерін бағалау үшін облыстық сот жанынан консультативтік-кеңесші орган – Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес құрылады.

Судья лауазымдарына кандидаттар бойынша қорытындыларды Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес Жоғары Сот Кеңесіне құжаттарды тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін беруге тиіс.

Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің қорытындысы ұсынымдық сипатта болады.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.02.16 № 559-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 245-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.07.2015 № 340-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 20.03.2021 № 19-VII (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі)
Конституциялық заңдарымен.

12-бап. Облыстық соттың өкілеттігі

Облыстық сот:

- 1) өзінің қарауына жатқызылған сот істерін және материалдарын қарайды;
- 2) Алып тасталды - ҚР 2006.12.11 № 199 Конституциялық заңымен.

3) сот тәжірибесін зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

4) алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

5) занда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескеरту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.11. № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.12.29 № 370-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 209-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

13-бап. Облыстық сот алқалары

Ескерту. 13-бап алынып тасталды - ҚР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен.

14-бап. Облыстық соттың тәрағасы

1. Облыстық соттың тәрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) сотта сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

2) сот алқаларының отырыстарында тәрағалық етуге құқылы;

3) облыстық соттың жалпы отырыстарын, кеңейтілген жалпы отырыстарын шақырады және оларға тәрағалық етеді;

3-1) лауазымдық міндеттерін тиісінше орындағаны үшін тәртіптік іс жүргізу шенберінде аудандық сот тәрағасының әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде облыстық соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды, сондай-ақ оны талқылау қорытындылары бойынша материалдарды Сот жюриіне жіберуді қамтамасыз етеді;

3-2) сот істерін қарau кезінде заңдылықты өреспекел бұзғаны үшін аудандық сот судьясын, тәрағасын немесе облыстық сот судьясын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде облыстық соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды, сондай-ақ материалдарды Сот жюриіне жіберуді қамтамасыз етеді;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;

5) алып тасталды - ҚР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз);

6) облыстық соттың жұмыс жоспарын бекітеді;

7) сот практикасын зерделеуді ұйымдастырады;

8) өкімдер шығарады;

9) алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

10) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

11) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Облыстық сот төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда төрағаның міндеттерін уақытша атқаруды Жоғарғы Сот Төрағасы облыстық соттың сот алқалары төрағаларының біріне жүктейді, ал сот алқаларының төрағалары болмаған жағдайда облыстық сот төрағасының міндеттерін уақытша атқару облыстық соттың судьясына жүктеледі.

3. Облыстық соттың төрағасы уақытша болмаған жағдайда міндеттердің атқарылуын облыстық соттың төрағасы облыстық соттың сот алқалары төрағаларының біріне жүктеуді жүзеге асырады, ал сот алқаларының төрағалары болмаған жағдайда облыстық сот төрағасының міндеттерін уақытша атқару облыстық соттың судьясына жүктеледі.

4. Жоғарғы Соттың Төрағасы осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген міндеттер атқаруды жүктеудің күшін жоюға және облыстық сот төрағасының міндеттерін атқаруды осы облыстық соттың сот алқасының басқа төрағасына немесе судьясына жүктеуге құқылышы.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 245-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.07.2015 № 340-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 209-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 20.12.2021 № 82-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 109-VIII (01.10.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

15-бап. Облыстық соттың сот алқасының төрағасы

1. Облыстық соттың сот алқасының төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) сот алқасында сот ісін жүргізууді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

2) сот алқасының отырыстарында төрағалық етеді;

- 3) сот практикасын зерделеу және жинақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
- 4) соттың жалпы отырысына сот алқасының қызметі туралы ақпаратты ұсынады;
- 5) занда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Сот алқасының тәрағасы облыстық сот тәрағасына сот алқасында мамандандырылған қурамдар қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

3. Сот алқасының тәрағасы уақытша болмаған жағдайда сот тәрағасы оның міндетін атқаруды алқа судьяларының біріне жүктейді.

Облыстық соттың сот алқасы тәрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда облыстық соттың тәрағасы оның міндеттерін уақытша атқаруды облыстық соттың тиісті сот алқасының судьясына жүктейді.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 31.07.2015 № 340-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі)

Конституциялық заңдарымен.

16-бап. Облыстық соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстары

Ескерту. 16-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

1. Облыстық сот қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет жалпы отырыстар өткізеді, оларда:

- 1) тиісті сот алқасының сандық және дербес құрамын белгілейді;
- 2) алынып тасталды - ҚР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен);
- 3) облыстық сот тәрағасы мен сот алқалары тәрағаларының ақпаратын тыңдайды;
- 4) сот практикасын талқылайды және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асқыруы кезіндегі зандылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

5) алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

6) уәкілетті органның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы және астанадағы аумақтық бөлімшесі басшысының қызметі туралы есепті тыңдайды;

7) аудандық және облыстық соттар судьяларының бос лауазымдарына кандидатураларды қарайды және Жоғары Сот Кеңесіне құжаттарды тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін тиісті қорытындылар шығарады;

7-1) аудандық сот тәрағасының, облыстық сот судьясының лауазымдарына кадр резервіне алу үшін кандидатураларды қарайды;

8) алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

9) судья қызметіне кандидаттардың тағылымдамадан өту қорытындыларын қарайды және тиісті қорытынды береді;

9-1) алынып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

9-2) алып тасталды - ҚР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз);

9-3) лауазымдық міндеттерін тиісінше орындағаны үшін тәртіптік іс жүргізу шенберінде аудандық сот тәрағасының әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындылары бойынша тиісті шешім шығарады;

9-4) сот істерін қарau кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін аудандық сот судьясын, тәрағасын немесе облыстық сот судьясын тәртіптік жаупаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды;

10) занда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

2. Жалпы отырыс облыстық сот судьяларының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде құқықтық құші бар болып табылады.

Кеңейтілген жалпы отырыс облыстық сот судьяларының және тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аудандық соттары судьяларының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде құқықтық құші бар болып табылады.

2-1. Облыстық сот кеңейтілген жалпы отырыстар өткізеді, оларда:

1) жергілікті соттың бір судьясын Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына жібереді;

2) Жоғары Сот Кеңесінің, Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот жюриінің және Кадр резерві жөніндегі комиссияның, Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның құрамдарына судьялардың кандидатураларын қарайды және Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына тиісті ұсынымдарды шығарады;

3) Жоғары Сот Кеңесі кадр резервінен ұсынған адамдар және (немесе) өз кандидатурасын өзі дербес ұсынған адамдар қатарынан аудандық соттар тәрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларды баламалы негізде жасырын дауыс беру арқылы сайлайды және тиісті қорытындылар шығарады.

Облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырыстарына облыстық соттың судьялары және тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аудандық соттарының судьялары қатысады.

3. Облыстық соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарының жұмыс тәртібі ол бекіткен регламентпен айқындалады.

4. Жалпы отырыстың кадр мәселелеріне және судьялардың тәртіптік жаупапкершілігі мәселелеріне қатысты шешімдері жасырын дауыс беру арқылы қабылданады.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.11. № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.12.29 № 370-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 245-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 209-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 215-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 05.07.2024 № 109-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

16-1-бап. Облыстық соттың жалпы отырысының тәралқасы

Ескерту. 2-тaraу 16-1-баппен толықтырылды - ҚР 07.11.2014 № 245-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды - ҚР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

2-1-taraу. Кассациялық соттар

Ескерту. 2-1-taraumen толықтырылды – ҚР 05.07.2024 № 109-VIII (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

16-2-бап. Кассациялық соттарды құру

1. Кассациялық соттарды Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, атауын өзгертерді және таратады.

2. Кассациялық соттар судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Жоғарғы Сот Төрағасы уәкілетті органның ұсынуы негізінде әрбір кассациялық сот үшін судьялардың санын Жоғары Сот Кеңесімен келісу бойынша белгілейді.

16-3-бап. Кассациялық соттың құрылымы мен құрамы

1. Кассациялық сот төрағадан және судьялардан тұрады.
2. Кассациялық сотта мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін.
3. Мамандандырылған құрамдарды кассациялық соттың төрағасы жасақтайды.
4. Жалпы отырыс кассациялық сот органы болып табылады.
5. Судья лауазымына кандидаттардың моральдық-адамгершілік қасиеттерін бағалау үшін кассациялық сот жанынан консультативтік-кеңесші орган – Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес құрылады.

Кассациялық сот судьялары лауазымдарына кандидаттар бойынша қорытындыларды Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес Жоғары Сот Кеңесіне құжаттарды тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін беруге тиіс.

Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің қорытындысы ұсынымдық сипатта болады.

16-4-бап. Кассациялық соттың өкілеттіктері

Кассациялық сот:

1) сот істері мен материалдарын кассациялық сатыдағы сот ретінде қарайды;

2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтау қорытындылары бойынша тәмен тұрған сот сатыларының сот төрелігін іске асыруы кезінде зандалықтың сақталу мәселелерін қарайды;

3) занда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16-5-бап. Кассациялық сот төрағасы

1. Кассациялық сот төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) сотта сот ісін жүргізуі үйімдастыру мәселелерін шешеді;

2) кассациялық соттың жалпы отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді ;

3) сот істерін қарау кезінде зандалықты өрескел бұзғаны үшін облыстық соттың сот алқасының төрағасын, облыстық сот төрағасын, кассациялық сот судьясын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде кассациялық соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды, сондай-ақ материалдарды Сот жюриіне жіберуді қамтамасыз етеді;

4) сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;

5) кассациялық соттың жұмыс жоспарын бекітеді;

6) сот практикасын зерделеуді үйімдастырады;

7) өкімдер шығарады;

8) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

9) занда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Кассациялық сот төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе аяқталған жағдайда төрағаның міндеттерін уақытша атқаруды Жоғары Сот Төрағасы осы сот судьяларының біріне жүктейді.

3. Кассациялық сот төрағасы уақытша болмаған жағдайда міндеттерді атқару кассациялық сот төрағасының өкімімен осы кассациялық сот судьяларының біріне жүктеледі.

4. Жоғарғы Сот Төрағасы осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген міндеттерді атқаруды жүктеудің күшін жоюға және кассациялық сот төрағасының міндеттерін атқаруды осы кассациялық соттың басқа судьясына жүктеуге құқылы.

16-бап. Кассациялық соттың жалпы отырысы

1. Кассациялық сот қажетіне қарай, бірақ жылына екі реттен сиретпей жалпы отырыстар өткізеді, оларда:

1) кассациялық сот төрағасының ақпаратын тындайды;

2) сот практикасын талқылайды және оны жинақтау қорытындылары бойынша төмен тұрған соттардың сот төрелігін іске асыруы кезінде зандылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

3) сот істерін қарау кезінде зандылықты өрескел бұзғаны үшін облыстық соттың сот алқасының төрағасын, облыстық сот төрағасын, кассациялық сот судьясын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды;

4) кассациялық соттың бір судьясын Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына жібереді;

5) Жоғары Сот Кеңесінің, Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот жюриінің және Кадр резерві жөніндегі комиссияның, Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның құрамдарына судьялардың кандидатураларын қарайды және Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына тиісті ұсынымдарды шығарады;

6) кассациялық сот судьясының бос лауазымдарына кандидатураларды қарайды және Жоғары Сот Кеңесіне құжаттарды тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін тиісті қорытындылар шығарады;

7) занда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Жалпы отырыс кассациялық сот судьяларының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде құқықты болады.

3. Кассациялық соттың жалпы отырысының жұмыс тәртібі ол бекіткен регламентте айқындалады.

4. Жалпы отырыстың кадр мәселелеріне және судьялардың тәртіптік жауаптылығы мәселелеріне қатысты шешімдері жасырын дауыс беру арқылы қабылданады.

3-тaraу. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ СОТЫ

17-бап. Жоғарғы Соттың өкілеттігі

1. Жоғарғы Сот жергілікті және басқа да соттардың соттылығына жататын азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, занда көзделген жағдайларда өзінің соттылығына жатқызылған сот істерін қарайды және сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірмелер беріп отырады.

2. Жоғарғы Сот:

- 1) өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарын қарайды;
 - 2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша Республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі зандалықтың сақталу мәселелерін қарайды;
 - 3) нормативтік қаулылар, қаулылар қабылдайды;
- 3-1) алып тасталды - ҚР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз);
- 3-2) алынып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;
- 4) занда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Алып тасталды - ҚР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 245-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 05.07.2024 № 109-VIII (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық зандарымен.

18-бап. Жоғарғы Соттың құрылымы мен құрамы

1. Жоғарғы Сот Төрағадан және судьялардан тұрады.

Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

2. Жоғарғы Сотта сот алқалары құрылады және мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін.

3. Мыналар:

1) жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстар;

2) алып тасталды - ҚР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз);

3) азаматтық істер жөніндегі сот алқасы;

4) қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы;

5) әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы Жоғарғы Соттың органдары болып табылады.

Сот алқасын осы Конституциялық занда белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын төраға басқарады.

4. Сот алқасының сандық және дербес құрамын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың жалпы отырысы белгілейді.

5. Мамандандырылған құрамдарды Жоғарғы Соттың Төрағасы жасақтайды.

6. Жоғарғы Соттың жаңынан ғылыми-консультативтік кеңес, халықаралық кеңес және баспасөз органы құрылады.

7. Алып тасталды – ҚР 27.03.2023 № 215-VII (15.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 245-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.07.2015 № 340-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 20.03.2021 № 19-VII (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

19-бап. Жоғарғы Сот алқалары

Ескерту. 19-бап алынып тасталды - ҚР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен.

20-бап. Жоғарғы Сот Төрағасы

1. Жоғарғы Соттың Төрағасы судья болып табылады және судья міндетін атқарумен қатар:

1) жоғары сот органы ретінде Жоғарғы Сотты басқарады;

2) сот алқаларының отырыстарында төрағалық етуге құқылы;

3) Жоғарғы Соттың жалпы және кенейтілген жалпы отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;

3-1) лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік іс жүргізу шеңберінде облыстық соттың сот алқасы төрағасының, облыстық сот төрағасының, кассациялық сот төрағасының немесе Жоғарғы Соттың сот алқасы төрағасының әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде Жоғарғы Соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды, сондай-ақ оны талқылау қорытындылары бойынша материалдарды Сот жюриіне жіберуді қамтамасыз етеді;

3-2) сот істерін қарau кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін кассациялық сот төрағасын, Жоғарғы Соттың судьясын немесе сот алқасының төрағасын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде Жоғарғы Соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды, сондай-ақ материалдарды Сот жюриіне жіберуді қамтамасыз етеді;

4) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарauына сот практикасы мәселелері бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қабылдау үшін материалдар енгізеді;

4-1) алып тасталды – ҚР 05.07.2024 № 109-VIII (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

5) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының бекітуіне Жоғарғы Соттың жалпы отырысы Хатшысының, ғылыми-консультативтік және халықаралық кеңестер мүшелерінің кандидатураларын енгізеді.

6) қажет болған жағдайларда бір сот алқасының судьяларын басқа сот алқасының қурамында іс қарau үшін тартады;

6-1) сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

7) Жоғарғы Соттың жұмыс жоспарын бекітеді;

8) алқалардың жұмысын үйлестіреді;

8-1) Жоғары Сот Кеңесімен келісім бойынша әрбір жергілікті және басқа да сот судьяларының санын бекітеді;

9) Уәкілетті орган туралы ережені Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне енгізеді;

9-1) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат саны лимитінің шегінде уәкілетті органның құрылымын және штат кестесін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келіседі;

9-2) Қазақстан Республикасының Президентіне уәкілетті органның басшысын тағайындау туралы ұсыну енгізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган басшысының орынбасарларын лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады;

9-3) алынып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

9-4) алып тасталды - ҚР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз);

10) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

11) өкімдер мен бүйректар шығарады.

2. Жоғарғы Соттың Тәрағасы Республиканың өзге де мемлекеттік билік тармақтары органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасы кезінде Республика сот жүйесінің мүддесін білдіреді, сондай-ак:

1) алып тасталды - ҚР 2010.12.29 № 370-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

2) облыстық соттар тәрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары тәрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларды баламалы негізде Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарauына енгізеді;

3) алынып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

3-1) Жоғары Сот Кеңесіне облыстық соттардың тәрағалары, Жоғарғы Соттың сот алқаларының тәрағалары лауазымдарына кандидатураларды Жоғарғы Соттың жалпы отырысында оларды талқылау нәтижелерімен бірге баламалы негізде ұсынады;

4) Қазақстан Республикасының Президентіне заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді;

5) алып тасталды – ҚР 27.03.2023 № 215-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне судьяларды және уәкілетті органның қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттау және оларға құрметті атақтар беру туралы ұсыныс енгізеді;

7) республика судьяларын ведомстволық наградалармен наградтайды, "Құрметті судья" атағын береді және осы Атақты беру тәртібі туралы ережені бекітеді;

8) алып тасталды - ҚР 2006.12.11 № 199 Конституциялық заңымен;

8-1) қажет болған кезде сот төрелігін іске асыру үшін судья лауазымында болудың шекті жасына толмаған отставқадағы судьяларды тартады;

9) заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Жоғарғы Соттың Төрағасы уақытша болмаған кезде оның міндеттері Жоғарғы Сот Төрағасының өкімімен сот алқалары төрағаларының біріне жүктеледі.

Сот алқаларының төрағалары болмаған жағдайда Төрағаның міндеттерін уақытша атқару Жоғарғы Сот Төрағасының өкімімен Жоғарғы Сот судьяларының біріне жүктеледі.

4. Жоғарғы Сот Төрағасы орнынан түскен жағдайда не өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған өзге де жағдайда Төрағаның міндетін уақытша атқаруды Қазақстан Республикасының Президенті Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының (судьясының) біріне жүктейді.

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.12.29 № 370-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 245-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 31.07.2015 № 340-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 215-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 109-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Конституциялық зандарымен.

21-бап. Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы

1. Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

1) сот алқасының отырыстарында төрағалық етеді;

1-1) сот алқасында сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

2) сот практикасын зерделеу және жинақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

3) Жоғарғы Соттың жалпы отырысында қарау үшін судьялардың тиісті құжаттарды дайындаудың қамтамасыз етеді;

4) Жоғарғы Соттың жалпы отырысына сот алқасының қызметі туралы ақпарат береді;

4-1) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

5) занда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Сот алқасының төрағасы уақытша болмаған жағдайда оның міндеттерін атқару Жоғарғы Сот Төрағасының өкімі бойынша алқа судьяларының біріне жүктеледі.

Жоғарғы Соттың сот алқасы төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе өкілеттік мерзімі аяқталған жағдайда оның міндеттерін уақытша атқару Жоғарғы Сот Төрағасының өкімі бойынша Жоғарғы Соттың тиісті сот алқасының судьясына жүктеледі.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

22-бап. Жоғарғы Соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстары

Ескерту. 22-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - КР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз).

1. Жоғарғы Соттың жалпы отырысы:

1) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша тиісті сот алқасының сандық және дербес құрамын белгілейді;

2) сот практикасын зерделеу мен жинақтаудың қорытындылары бойынша республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықты сақтау мәселелерін қарайды;

3) нормативтік қаулылар, қаулылар қабылдайды, сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірuler береді және заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Нормативтік қаулылар Жоғарғы Соттың жалпы отырысында Жоғарғы Соттың қатысып отырған судьялары санының кемінде үштен екі даусымен және Жоғарғы Соттың жұмыс істеп жүрген судьялары санының кемінде төрттен үш кворумы болған кезде қабылданады;

3-1) алып тасталды - КР 07.11.2014 № 245-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);

4) Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының және уәкілдегі орган басшысының ақпаратын тыңдайды;

5) Қазақстан Республикасы Конституциясының 47-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда қорытынды береді;

6) облыстық соттар төрағаларының, сот алқалары төрағаларының, кассациялық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағалары мен судьяларының бослауазымдарына кандидатураларды қарайды және тиісті қорытындылар шығарады;

6-1) алып тасталды - ҚР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз);

6-2) алып тасталды - ҚР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз);

7) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша жалпы отырыстың хатшысын, ғылыми-консультативтік және халықаралық кеңестердің құрамдарын бекітеді;

7-1) алынып тасталды - ҚР 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

7-2) судья мантиясының нысаны мен сипатын бекітеді;

7-3) алып тасталды - ҚР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз);

7-4) Жоғарғы Сот жаңындағы ғылыми-консультативтік және халықаралық кеңестер туралы ережелерді бекітеді;

7-5) лауазымдық міндеттерін тиісінше орындағаны үшін тәртіптік іс жүргізу шенберінде облыстық соттың сот алқасы төрағасының, облыстық сот төрағасының, кассациялық сот төрағасының немесе Жоғарғы Соттың сот алқасы төрағасының әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындылары бойынша тиісті шешім шығарады;

7-6) соттардағы істерді автоматтандырылған бөлу қағидаларын бекітеді;

7-7) облыстық соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарының үлгілік регламентін бекітеді;

7-8) облыстық сот төрағасының және сот алқасы төрағасының, кассациялық сот төрағасының, Жоғарғы Сот судьясының, Жоғарғы Соттың сот алқасы төрағасының лауазымдарына кадр резервіне алу үшін кандидатураларды қарайды;

7-9) сот істерін қарау кезінде зандалықты өрескел бұзғаны үшін кассациялық сот төрағасын, Жоғарғы Соттың судьясын немесе сот алқасының төрағасын тәртіптік жауаптылықта тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды;

8) занда көзделген басқа да өкілдегітерді жүзеге асырады.

2. Жалпы отырыс оған Жоғарғы Сот судьялары жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда занды болып табылады.

2-1. Жоғарғы Соттың судьялары, сондай-ақ облыстық соттардың кеңейтілген жалпы отырыстары жіберетін жергілікті соттардың судьялары қатысатын Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысы:

1) сот жүйесінің бюджетін шығыстардың деңгейлері мен бағыттары бойынша бөлуді бекітеді;

1-1) судьялардың еңбегіне ақы төлеу шарттарын бекітеді;

2) Жоғары Сот Кеңесінің, Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот жюриінің және Кадр резерві жөніндегі комиссияның құрамдарына, сондай-ақ Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның құрамына кандидаттарды ұсынады.

Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысының құрамына жіберілетін судьялар алқалардың төрағалары, соттардың төрағалары болмауға тиіс.

3. Жоғарғы Соттың жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарының жұмыс тәртібі өзі бекітетін регламентпен айқындалады.

Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.12.29 № 370-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 245-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 31.07.2015 № 340-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 20.12.2021 № 82-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 215-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 109-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

22-1-бап. Жоғарғы Соттың жалпы отырысының төралқасы

Ескерту. 3-тaraу 22-1-баппен толықтырылды - ҚР 07.11.2014 № 245-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды - ҚР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

3-бөлім. СУДЬЯЛАР МӘРТЕБЕСІ

1-тaraу. СУДЬЯЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

23-бап. Судья мәртебесі

1. Қазақстан Республикасының барлық соттары судьяларының мәртебесі бірдей болады және бір-бірінен тек өкілеттіктерімен ерекшеленеді.

Судья Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сот төрелігін іске асыру жөніндегі өкілеттіктер берілген, өз міндеттерін тұрақты негізде орындастын және сот билігін жүргізуші болатын мемлекеттің лауазымды адамы болып табылады.

Судьялардың құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Конституциялық заңмен және өзге де заңдармен белгіленеді.

2. Судьяға заңда көзделмеген сottan тыс функциялар мен міндеттерді жүктеуге болмайды. Судьяны қылмысқа қарсы қурес, заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мәселелері жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың құрамына енгізуге болмайды.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Конституциялық заңымен.

23-1-бап. Халықаралық соттардың Қазақстан Республикасынан жіберілген судьяларының мәртебесі

1. Халықаралық соттардың Қазақстан Республикасынан жіберілген судьяларына соңғы лауазымына конкурссыз орналасу құқығы беріледі, ал, халықаралық соттың судьясы болып жұмыс істеген уақыты судьялық жұмыс өтіліне қосылады және орнынан түсken кезде ескеріледі.

Тиісті сотта судьялардың бос лауазымдары болмаған жағдайда осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған адамдар олардың келісімімен тең дәрежелі немесе төмен тұрған сот судьясының бос лауазымына конкурссыз тағайындалады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларда конкурссыз тағайындау осы Конституциялық заңының 31-бабының 10-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Халықаралық соттардың Қазақстан Республикасынан жіберілген судьяларына Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда реттелмеген бөлігінде осы Конституциялық заңда көзделген барлық материалдық және әлеуметтік кепілдіктер қолданылады.

Ескерту. 1-тaraу 23-1-баппен толықтырылды - ҚР 07.11.2014 № 245-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
өзгеріс енгізілді - ҚР 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.03.2023 № 215-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі)
Конституциялық заңдарымен.

24-бап. Судьялардың ауыстырылмайтындығы

1. Судьялар лауазымға Қазақстан Республикасының Конституациясына, осы Конституциялық заңға, "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сайланады немесе тағайындалады және оларға тұрақты негізде өкілеттіктер беріледі.

2. Судьялардың өкілеттіктері тек қана осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен тоқтатылуы немесе тоқтатыла туруы мүмкін.

Ескерту. 24-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

25-бап. Судьяның тәуелсіздігі

1. Судьяның тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қоргалады.

Судьялар сот төрелігін жүзеге асыруы кезінде тәуелсіз және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға ғана бағынады.

2. Ешкімнің сот төрелігін жүзеге асыру ісіне араласуға және судья мен алқа заседателіне қандай да болмасын ықпал етуге құқығы жоқ. Мұндай әрекеттер заңмен қудаланады.

3. Судья қаралған немесе қаралып жатқан сот істерінің мәні жөнінде қандай да бір түсінік беруге міндетті емес. Кеңесу бөлмесінің құпиясы барлық жағдайларда қамтамасыз етілуге тиіс.

4. Соттарды қаржыландыру, судьяларды материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға тұрғын үй беру сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру үшін жеткілікті мөлшерде республикалық бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

26-бап. Судья тәуелсіздігінің кепілдіктері

1. Судьяның тәуелсіздігі:

1) сот төрелігін жүзеге асырудың заңда көзделген рәсімімен;

2) судьяның сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне араласқаны үшін, сондай-ақ сотты және судьяларды сыйламағандық үшін заңда жауаптылық белгілеумен ;

3) судьяға ешкімнің тиіспеуімен;

4) Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Конституциялық заңда және "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген судьяны лауазымға сайлау, тағайындау, оның өкілеттіктерін тоқтату және тоқтата туру тәртібімен, судьяның отставкаға құқығымен;

5) судьяларға мемлекет есебінен олардың мәртебесіне сәйкес материалдық жағдай жасау және әлеуметтік қамсыздандыру, сондай-ақ оны нашарлатуға тыйым салу арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Судьялар, олардың отбасы мүшелері мен мүлкі мемлекеттің қорғауында болады.

Егер судьядан тиісті өтініш түссе, ішкі істер органдары судья мен оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге уақтылы және түпкілікті шаралар қабылдауға міндетті.

Судьяға және оның мүлкіне кәсіптік қызметіне байланысты келтірілген зиян республикалық бюджеттің қарожаты есебінен өтеледі.

Ескерту. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

27-бап. Судьяларға ешкімнің тиіспеуі

1. Қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайлардан басқа кезде, судьяны Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз, ал Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұсташаға, үйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелгеннен кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімімен ғана жалғастырылуы мүмкін. Судья қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не ол ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімін алғанға дейін, бірақ бір тәулік ішінде оны міндettі түрде хабардар ете отырып, жалғастырылуы мүмкін. Судьяға қатысты арнаулы жедел-іздестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен жүргізілуі мүмкін.

Судьяға қатысты арнаулы жедел-іздестіру іс-шаралары Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының санкциясымен ғана жүргізілуі мүмкін.

3. Судьяға Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі белгілеген тәртіппен қуәлік беріледі.

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 232-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2017 № 85-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2017 № 119-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 215-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

28-бап. Судьяға қойылатын талаптар

1. Судья:

1) Қазақстан Республикасының Конституациясын және заңдарын бұлжытпай сактауға, судьяның антына адал болуға;

2) сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің конституциялық міндеттін орындаған кезде, сондай-ақ қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әдебі талаптарын сақтауға және судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен алаламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болуға ;

3) сыйбайлар жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласу әрекеттеріне қарсы тұруға;

4) судьялар кеңесінің құпиясын сақтауға міндетті.

1-1. Судьялар осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияда (бұдан әрі – Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия) кәсіптік қызметін бағалаудан өтеді.

2. Судьяның лауазымы депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органдының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Судьялар партияларға, кәсіптік одактарға кіре алмайды, қандай да бір саяси партияны қолдап немесе оған қарсы сөз сейлеуіне болмайды.

Ескерту. 28-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Конституциялық заңдарымен.

29-бап. Судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар

1. Аудандық соттың судьясы болып:

1) отыз жасқа толған;

2) жоғары заң білімі, жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттері, мінсіз беделі және заңгерлік кәсібі бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар;

3) біліктілік емтиханын тапсырған (Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясында оқу бітірген және біліктілік емтиханын тапсырған адам оқуын бітірген күннен бастап төрт жыл бойы емтихан тапсырудан босатылады);

4) медициналық куәландырудан өткен және судьяның кәсіптік міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқ екендігін раставаған;

5) негізгі жұмыс орнынан қол үзіп, сотта ақы төленетін тағылымдамадан ойдағыдай өткен және тағылымдама қорытындысы бойынша соттың жалпы отырысының он қорытындысын алған (Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясында оқу бітірген және біліктілік емтиханын тапсырған адам оқуын бітірген күннен бастап төрт жыл бойы тағылымдамадан өтуден босатылады);

6) "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда полиграфологиялық зерттеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларында көзделген талаптар жұмыс істеп жүрген судьялар болып табылатын кандидаттарға қолданылмайды.

2. Мынадай:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

2) судья лауазымына конкурсқа қатысар алдындағы үш жыл ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылышы үшін тәртіптік жауаптылықта тартылған адам судья болмайды. Бұл ретте мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылышы үшін қызметтен шығарылған адам судья болып тағайындалмайды;

3) судья лауазымына конкурсқа қатысар алдындағы үш жыл ішінде сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

4) судья лауазымына конкурсқа қатысар алдындағы үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылышы жасағаны үшін өзіне қатысты соттың айыптау үкімі шығарылған немесе қылмыстық теріс қылышы жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

5) бұрын сотталған;

6) қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

7) судья лауазымынан, құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан және соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда қызметтен шығарылған адам судья бола алмайды.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген мәліметтерді ұсынбау немесе қасақана бұрмалау судья лауазымына тағайындаудан немесе судьяның бос лауазымына орналасуға арналған конкурсқа қатысадан бас тартуға негіз болып табылады.

4. Осы баптың 1-тармағының талаптарына сай келетін, заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он бес жыл жұмыс өтілі немесе кемінде бес жыл судьялық жұмыс өтілі бар азамат облыстық соттың судьясы бола алады.

4-1. Осы баптың 1-тармағының талаптарына сай келетін, заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он сегіз жыл жұмыс өтілі немесе кемінде сегіз жыл судьялық жұмыс өтілі, оның ішінде облыстық сотта кемінде үш жыл судьялық жұмыс өтілі бар азамат кассациялық сот судьясы бола алады.

5. Осы баптың 1-тармағының талаптарына сай келетін, заңгерлік кәсібі бойынша кемінде жиырма жыл жұмыс өтілі бар, оның кемінде он жылды судьялық жұмыс өтілі

болатын, оның ішінде бес жыл облыстық соттағы судьялық жұмыс өтілі бар, сондай-ақ Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қорытындысын алған азамат Жоғарғы Соттың судьясы бола алады.

Жалпы отырыстың қорытындысы ұсынымдық сипатта болады.

Өтілдің болуы, тағылымдамадан өту, біліктілік емтиханын тапсыру, Жоғарғы Соттың жалпы отырысы қорытындысының қажеттігі туралы талаптар Жоғарғы Сот Төрағасының лауазымына кандидатқа, сондай-ақ осы Конституциялық заңның 30-бабы 4-тармағының тоғызыншы бөлігінде көзделген жағдайларда қолданылмайды.

6. Аудандық сот судьясының лауазымына конкурсқа қатысушылар жұмыс орны бойынша Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің және облыстық соттың жалпы отырысының қорытындыларын алуға тиіс.

Облыстық соттың сот алқасының төрағасы және судьясы, кассациялық сот судьясы лауазымына конкурсқа қатысушылар Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің және жұмыс орны бойынша тиісінше Жоғарғы Соттың, облыстық соттың, кассациялық соттың жалпы отырысының қорытындыларын алуға тиіс.

Осы тармақтың облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысын алу қажеттігі туралы талабы жұмыс істеп жүрген судьялар болып табылатын кандидаттарға, сондай-ақ бұрын судья лауазымын атқарған адамдарға ғана қолданылады.

Жоғарғы Сот судьясы лауазымына конкурсқа қатысушылар жұмыс орны бойынша Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің де қорытындысын алуға тиіс.

Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің және жалпы отырыстың қорытындылары ұсынымдық сипатта болады.

7. Бос судьялық лауазымға орналасуға арналған конкурсқа:

1) егер осы Конституциялық заңның 40-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген тәртіптік жаза алып тасталған күннен бастап бір жылдан аз уақыт өтсе, судьяның;

2) егер Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия оған қатысты осы Конституциялық заңның 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген шешім шығарған күннен бастап екі жылдан аз уақыт өтсе, судьяның;

3) атқаратын лауазымда екі жылдан аз уақыт жұмыс істеген судьяның;

4) Жоғары Сот Кеңесі мүшесінің қатысуына жол берілмейді.

Осы тармақтың атқаратын лауазымда екі жылдан аз уақыт жұмыс істеген судьяның конкурсқа қатысуына жол бермеу туралы талабы:

1) шалғай жерде орналасқан соттарда судья лауазымына орналасуға ниет білдірген судьяларға;

2) тұрғылықты жерін ауыстыруды талап ететін ауруының бар екендігі туралы медициналық қорытындысы бар судьяларға;

3) бұрын сottың қайта ұйымдастырылуына және таратылуына, сottар судьяларының штат санының азайтылуына байланысты судья лауазымына конкурссыз тағайындалған судьяларға қолданылмайды.

Шалғай жерлерде орналасқан сottардың тізбесін Жоғары Сот Кеңесі айқындайды.

8. Судьялыққа кандидаттар негізгі жұмыс орнынан қол үзіп, тұрақты негізде сottа ақы төленетін тағылымдамадан өтеді. Бұл ретте судьялыққа кандидаттар Жоғары Сот Кеңесінің бос лауазымға тағайындау туралы ұсынымын алғаннан кейін тағылымдамадан өтуі мүмкін. Судьялыққа кандидаттың тағылымдамадан өту шарттары, тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ережеде айқындалады.

9. Судья лауазымынан өкілді органдардағы мемлекеттік лауазымға сайланған не тағайындалған адамдарға тағылымдамадан өтпей, конкурстық негізде судьялық лауазымға орналасу құқығы беріледі.

9-1. Жоғары Сот Кеңесінің құрамына тағайындалған судьяларға Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі болып жұмыс істеген уақыты судьялық жұмыс өтіліне қосылады және отставкаға шыққан кезде ескеріледі.

10. Судьялық жұмыс өтіліне судьяның осы Конституциялық заңның 56-бабының 6-тармағында көрсетілген лауазымдарда жұмыс істеген уақыты қосылады.

Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы лауазымына тағайындалуына байланысты өз өкілеттігін тоқтатқан судьяға Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы болып жұмыс істеген уақыты судьялық жұмыс өтіліне қосылады және отставкаға шыққан кезде ескеріледі.

11. Бос судьялық лауазымдарға кандидаттарды іріктеуді Жоғары Сот Кеңесі өлшемшарттар жүйесін, оның ішінде сottағы, прокуратура органдарындағы, адвокатурадағы жұмысын ескеретін өлшемшарттарды пайдалана отырып, осы Конституциялық заңда және "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Ескерту. 29-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 20.03.2021 № 19-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.12.2021 № 82-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 27.03.2023 № 215-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 05.07.2024 № 109-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

29-1-бап. Судья лауазымына кандидатты медициналық қуәландыру

1. Судья лауазымына кандидаттың судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығын растау үшін оған медициналық қуәландыру жүргізіледі.

2. Судьяның кәсіптік міндеттерін атқаруына кедергі келтіретін аурулардың тізбесі уәкілетті орган мен денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның бірлескен нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Ескерту. 29-1-баппен толықтырылды - КР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен, өзгеріс енгізілді - КР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.12.29 № 370-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

30-бап. Сот судьясының, төрағасының, сот алқасы төрағасының лауазымына кандидаттарды іріктеу

1. Судья лауазымына кандидаттарға шығу тегіне, әлеуметтік және мұліктік жағдайына, қай нәсілге және үлтқа жататынына, жынысына, саяси көзқарасына, діни нанымына және өзге де мән-жайларға қарамастан, лауазымға орналасуға тең құқық қамтамасыз етіледі.

2. Аудандық сот судьясының, облыстық соттың сот алқасы төрағасының және судьясының, кассациялық сот судьясының, Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымдарына кандидаттарды іріктеуді Жоғары Сот Кеңесі бос лауазымдарға орналасуға өтініш берген және осы Конституциялық заңының 29-бабының талаптарына сай келетін адамдар қатарынан конкурстық негізде жүзеге асырады.

Жоғарғы Соттың ұсынысы бойынша тізбесін Жоғары Сот Кеңесі бекітетін, құқықтың жекелеген салаларында мамандар болып табылатын, кассациялық, облыстық сот судьясының бос лауазымына орналасуға үміткер адамдар үшін жеке конкурс өткізуі мүмкін. Мұндай жеке конкурстық іріктеудің тәртібін Жоғары Сот Кеңесі айқындайды.

Шалғай жерде орналасқан соттың судясы лауазымына конкурс өтпеді деп танылған жағдайда, Жоғары Сот Кеңесі осы сот судьясының бос лауазымына Жоғарғы Сотпен келісу бойынша Жоғары Сот Кеңесі бекіткен сыныптау шәкілін негізге ала отырып, Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясында оқуды бітірген және біліктілік емтиханын тапсырған адамды ұсына алады.

2-1. Аудандық сот төрағасының бос лауазымына кандидаттарды іріктеуді Жоғары Сот Кеңесі облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырысы сайлаған адамдар қатарынан жүзеге асырады.

3. Облыстық соттар, кассациялық соттар төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларды Жоғарғы Соттың жалпы отырысы оларды қараганнан кейін Жоғарғы Сот Төрағасының енгізген ұсынуы бойынша Жоғары Сот Кеңесі баламалы негізде қарайды.

4. Аудандық сот төрағасының бос лауазымына кандидатуралар жұмыс істеп жүрген судьялар немесе судя лауазымында кемінде бес жыл жұмыс істеген судьялар аудандық соттарда тен дәрежелі арасынан ұсынылады.

Шалғай жерде орналасқан соттарда немесе штат саны үш бірліктен аспайтын соттарда кемінде бес жыл жұмыс істеген судьялар аудандық соттарда тен дәрежелі

лауазымдарға кандидаттарды іріктеу кезінде өзге жағдайлары тең болса, басымдыққа ие болады.

Облыстық сот тәрағасының және сот алқалары тәрағаларының бос лауазымдарына кандидатуралар, әдетте, облыстық соттың судьялары немесе судья лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі бар адамдар арасынан ұсыным жасалады.

Кассациялық соттардың тәрағалары бос лауазымдарына кандидатуралар, әдетте, кассациялық сот судьялары немесе судья лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі, оның ішінде облыстық сотта кемінде бес жыл судьялық жұмыс өтілі бар адамдар арасынан ұсынылады.

Бұл ретте аудандық сот тәрағасының, облыстық сот тәрағасының, сот алқалары тәрағаларының және судьяларының, кассациялық сот судьясының және тәрағасының, Жоғарғы Сот судьясының және сот алқалары тәрағаларының лауазымдарына кандидаттарды іріктеу кезінде кадр резервінде тұрған адамдарға басымдық беріледі.

Аудандық сот тәрағасының, облыстық сот тәрағасының және сот алқалары тәрағаларының, кассациялық сот тәрағасының, Жоғарғы Соттың сот алқалары тәрағаларының лауазымдарына кандидаттарды іріктеу кезінде осы баптың 4-тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген өлшемшартқа қосымша ұйымдастыруыштық қабілеттері де ескеріледі.

Жоғарғы Соттың сот алқасы тәрағасының лауазымына кандидат Жоғарғы Сот судьялары арасынан ұсынылады.

Жоғары Сот Кеңесі жергілікті және басқа да соттар тәрағаларының, сот алқалары тәрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары тәрағаларының бос лауазымдарына кандидаттарды лауазымдарға тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыным жасайды.

Жоғарғы Сот Тәрағасының лауазымына кандидатураны Жоғары Сот Кеңесі қарайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Жоғарғы Сот судьясының лауазымына кандидатты сайлау туралы ұсынуды конкурстан тыс тәртіппен енгізуге құқылы.

Жоғары Сот Кеңесі Жоғарғы Сот Тәрағасының, судьясының бос лауазымдарына кандидаттарды Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына ұсыну үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыным жасайды.

Жоғарғы Сот судьясы лауазымына кандидатураларды, осы тармақтың тоғызынышы бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына баламалы негізде енгізеді.

Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.12.2015 № 437-V Конституциялық заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 20.12.2021 № 82-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 215-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-6. қараңыз); 05.07.2024 № 109-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

30-1-бап. Судьяның кәсіби қызметін бағалау

1. Судьяның кәсіби қызметін бағалау деп оның кәсіби білімінің деңгейін және оны сот төрелігін іске асыру кезінде қолдана білуін, сот қызметінің нәтижелерін және оның осы Конституциялық заңда қойылатын талаптарға сай келуін бағалау танылады.

Судьяның кәсіби қызметін бағалау судьялар корпусының сапалық құрамын жақсарту, кәсіби біліктілікті бағалау және оның өсуін ынталандыру, істерді қарau кезінде заңдылықты нығайтуға жауаптылықты арттыру, азаматтардың құқықтары мен қоғамның мүдделерін қорғау мақсатында жүргізіледі.

Судьяның кәсіби қызметін бағалау бірінші рет судья лауазымындағы үш жылғы жұмысының нәтижелері бойынша жүргізіледі. Одан кейін судьяның кәсіби қызметін бағалау әр бес жыл сайын жүргізіледі.

Жиырма және одан көп жыл судьялық өтілі бар судьялар кәсіби қызметті мерзімді бағалаудан босатылады.

2. Алып тасталды – КР 05.07.2024 № 109-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

3. Судьяның кәсіби қызметін бағалауды Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия тоғыз мүшеден – облыстық соттардың төрт судьясынан, кассациялық соттардың екі судьясынан, Жоғарғы Соттың бір судьясынан және отставқадағы екі судьядан тұрады.

Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияны қалыптастыру және оның жұмысын үйимдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ережеде айқындалады.

Судьяның кәсіби қызметін бағалауды жүргізу әдістемесін Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия әзірлейді және Жоғары Сот Кеңесімен алдын ала келісілгеннен кейін Жоғарғы Соттың жалпы отырысы бекітеді.

Ескерту. 3-бөлім 30-1-баппен толықтырылды - КР 04.12.2015 № 437-V Конституциялық заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - КР 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 20.12.2021 № 82-VII (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 109-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

31-бап. Судьяға өкілеттіктер беру тәртібі

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын Қазақстан Республикасы Президентінің Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген ұсынуы бойынша Сенат сайлайды.

2. Жергілікті және басқа соттардың судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаиды.

3. Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы және Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімі негізінде Жоғарғы Сот Кеңесінің ұсынымы бойынша бес жыл мерзімге Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаиды.

Жалпы отырыстың қорытындылары ұсынымдық сипатта болады.

3-1. Облыстық соттардың сот алқаларының төрағаларын Жоғарғы Сот Кеңесінің ұсынымы бойынша бес жыл мерзімге Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаиды.

4. Жоғарғы Соттың Төрағасын Жоғарғы Сот Кеңесінің ұсынымына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша бес жыл мерзімге Сенат сайлайды.

5. Жергілікті және басқа да соттардың төрағаларын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғарғы Сот Кеңесінің ұсынымы бойынша бес жыл мерзімге лауазымға тағайындаиды.

Облыстық соттардың төрағалары және сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Сот алқаларының төрағалары өздері атқаратын лауазымға немесе тең дәрежелі соттардағы үқсас лауазымға екі реттен артық тағайындала алмайды.

6. Алынып тасталды - КР 2008.11.17 № 80-IV (колданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен.

7. Жергілікті және басқа соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың Төрағасы мен сот алқаларының төрағалары өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін, егер олар тиісінше басқа соттағы осындай лауазымға тағайындалмаған немесе сайланбаған болса, тиісті соттың судьясы өкілеттігін жүзеге асыруды жалғастырады.

Тиісті сотта судьялардың бос лауазымдары болмаған жағдайда басқа соттағы осындай лауазымға тағайындалмаған жергілікті және басқа соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, олардың келісімімен тең дәрежелі немесе төмен тұрган сот судьясының бос лауазымына конкурссыз тағайындалады.

Жоғарғы Сотта судьялардың бос лауазымдары болмаған жағдайда осындай лауазымға тағайындалмаған Жоғарғы Соттың Төрағасы мен сот алқаларының төрағалары, олардың келісімімен төмен тұрган сот судьясының бос лауазымына конкурссыз тағайындалады.

8. Сот қайта ұйымдастырылған немесе таратылған, тиісті сот судьяларының саны азайтылған кезде осы сот судьялары өздерінің келісуімен тең дәрежелі немесе төмен тұрган сот судьясының бос лауазымына конкурссыз тағайындалуы мүмкін.

8-1. Осы Конституциялық заңының 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында, 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда судьяны басқа сотқа ауыстыру

кезінде судья өзінің келісімімен жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа судьяның бос лауазымына конкурсыз тағайындалуы мүмкін.

9. Осы Конституциялық заңның 40-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша лауазымынан босатылған жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың Төрағасы және сот алқаларының төрағалары тиісті сот судьясының өкілеттігін жүзеге асыруды жалғастырады.

Тиісті сотта судьялардың бос лауазымдары болмаған жағдайда жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары олардың келісуімен тең дәрежелі немесе төмен тұрған сот судьясының бос лауазымына конкурсыз тағайындалады.

Жоғарғы Сотта судьялардың бос лауазымдары болмаған жағдайда Жоғарғы Соттың Төрағасы және сот алқаларының төрағалары олардың келісуімен төмен тұрған сот судьясының бос лауазымына конкурсыз тағайындалады.

10. Судьялардың бос лауазымдарына кандидаттарды конкурсыз тағайындау мәселелерін Жоғары Сот Кеңесі қарайды.

Ескерту. 31-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 245-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.03.2017 № 52-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.03.2023 № 215-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 05.07.2024 № 109-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

32-бап. Судьяның ант беруі

1. Судья лауазымына алғаш рет сайланған немесе тағайындалған адам мынадай мазмұнда ант береді:

"Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендегі бейтарап және әділ болуға салтанатты тұрде ант етемін".

2. Жоғарғы Соттың Төрағасы мен судьялары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының отырысында ант береді.

3. Алынып тасталды - ҚР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен.

4. Облыстық соттың төрағасы, сот алқасының төрағасы мен судьясы, аудандық соттың төрағасы мен судьясы қызметіне алғаш рет тағайындалған адамдар облыстық соттың жалпы отырысында ант береді.

Судья төраға не сот алқасының төрағасы немесе басқа соттың судьясы болып тағайындалған кезде қайтадан ант бермейді.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен.

33-бап. Судьяның өкілеттігін тоқтата тұру

1. Судьяның өкілеттігі, егер:

1) партиялық тізімдерге енгізу жағдайларын қоспағанда, судья "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген тәртіппен кандидат ретінде тіркелсе;

1-1) судья Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі болып тағайындалса;

1-2) саяси партияға кіру ниетінің болуына байланысты судья лауазымынан босату туралы өтініш берілсе;

2) судья заңды күшіне енген сот шешімімен хабарсыз кеткен деп танылса;

3) судьяны қылмыстық жауапқа тартуға келісім берілсе;

3-1) осы Конституциялық заңын 34-бабы 1-тармағының 11) және 11-1) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судьяның өкілеттіктерін тоқтату қажеттігі туралы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның немесе Сот жюриінің шешімі болса;

3-2) алып тасталды - ҚР 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

4) басқа жұмысқа ауысса;

5) судья лауазымынан өз еркі бойынша босату туралы өтініш берсе, тоқтатыла тұрады.

2. Судьяның өкілеттігін тоқтата тұруды:

Жоғарғы Соттың Төрағасына қатысты – Қазақстан Республикасының Президенті;

Республиканың қалған барлық судьяларына қатысты – Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы жүзеге асырады.

Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы уәкілетті органның растайтын құжат қоса берілген хабарының негізінде судьяның өкілеттігін тоқтата тұру мәселелерін қарайды.

2-1. Судьяның өкілеттігі тоқтатыла тұрған кезде оның тиісті соттың төрағасы немесе сот алқасының төрағасы лауазымдағы өкілеттігі тоқтатыла тұрады.

2-2. Судья лауазымынан өз еркі бойынша босату туралы өтініш берген кезде оның өкілеттігі осы өтініш берілген күннен бастап бір ай өткен соң тоқтатыла тұрады.

2-3. Судья Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі болып тағайындалған кезде оның судья атағы мен судьялар қоғамдастығына жататыны сақтала отырып, өкілеттігі тоқтатыла тұрады.

3. Егер судьяның өкілеттігін тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға негіз болған мән-жай жойылса, судьяның өкілеттігі қалпына келтіріледі.

Ескерту. 33-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 245-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 20.12.2021 № 82-VII (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 215-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 109-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

34-бап. Соттың төрағасын, сот алқасының төрағасын және судьяны қызметінен босату және олардың өкілеттіктерін тоқтату

Ескерту. 34-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 13.03.2017 № 52-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Төрағаның, сот алқасы төрағасының және судьяның өкілеттіктерін тоқтату негіздері:

- 1) судьяның орнынан тұсу;
- 2) судьяның өз тілегі бойынша лауазымынан босауы;
- 2-1) саяси партияға кіруі;
- 3) медициналық қорытындыға сәйкес кәсіптік міндеттерін одан әрі атқаруға кедергі болатын денсаулық жағдайы;
- 4) судьяны іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп тану не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімінің занды күшіне енуі;
- 5) осы судьяға қатысты айыптау үкімінің занды күшіне енуі, қылмыстық істің Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10), және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде сотқа дейінгі сатыда тоқтатылуы;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуы;
- 7) судьяның қайтыс болуы немесе соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімінің занды күшіне енуі;

8) осы Конституциялық заңын 56-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, судьяның басқа лауазымға тағайындалуы, сайлануы және оның басқа жұмысқа ауысуы;

9) соттың таратылуы немесе соттың қайта ұйымдастырылуы, тиісті сот судьялары санының азайтылуы, егер судья басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісім бермесе, сондай-ақ осы Конституциялық заңын 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында, 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда судьяның жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа ауысадан бас тартуы;

10) соттың таратылуы немесе соттың қайта ұйымдастырылуы, тиісті сот судьялары санының азайтылуы, өкілеттік мерзімінің аяқталуы, егер соттың төрағасы, сот алқасының төрағасы басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісім бермесе, сондай-ақ осы Конституциялық заңын 44-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында, 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда сот төрағасының, сот алқасы төрағасының жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа ауысадан бас тартуы;

11) кәсіби жарамсыздығына орай судьяның атқаратын лауазымына сай келмейтіні туралы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешімі;

11-1) судьяның тәртіптік теріс қылық жасағаны немесе осы Конституциялық заңын 28-бабында көрсетілген талаптарды орындағаны үшін оны лауазымынан босату қажеттігі туралы Сот жюрийнің шешімі;

12) зейнеткерлік жасқа немесе судья лауазымында болудың шекті жасына толуы.

2. Сот төрағасының, сот алқасы төрағасының өкілеттіктері оның өз тілегі бойынша, не олар осы Конституциялық заңын 9, 14, 15, 20, 21 және 28-баптарында көрсетілген талаптарды орындаған кезде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

2-1. Осы Конституциялық заңда көзделген негіздер туындаған кезде Жоғары Сот Кеңесі Республика соттары төрағаларының, сот алқалары төрағаларының және судьяларының өкілеттіктерін тоқтату мәселелерін қарайды.

2-2. Осы баптың 1-тармағының 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда Жоғары Сот Кеңесі уәкілетті органның растайтын құжат қоса берілген хабарының негізінде судьяның өкілеттіктерін тоқтату мәселелерін қарайды.

3. Судья лауазымынан босату туралы шешім:

1) Жоғарғы Соттың Төрағасына, судьяларына қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысымен;

2) Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларына, жергілікті және басқа соттардың төрағаларына, сот алқаларының төрағалары мен судьяларына қатысты – Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қабылданады.

4. Судья лауазымынан босату бір мезгілде тиісті соттың төрағасы немесе сот алқасының төрағасы өкілеттіктерінің тоқтатылуына әкеп соғады.

Осы Конституциялық заңның 31-бабының 7-тармағында көзделген жағдайлардың қоспағанда, тиісті соттың тәрағасы немесе сот алқасының тәрағасы лауазымынан оның өз еркі бойынша не өкілеттік мерзімінің аяқталуы бойынша босату оны осы соттың судьясы лауазымынан босатуға әкеп соқпайды.

Тиісті сотта судьяның бос лауазымы болмаған жағдайда тәраға немесе сот алқасының тәрағасы оның келісуімен осы Конституциялық заңның 31-бабының 10-тармағында көзделген тәртіппен тең дәрежелі немесе төмен тұрган сот судьясының бос лауазымына конкурссыз тағайындалады.

5. Судьялардың өкілеттіктерін тоқтатудың осы баптың 1-тармағының 5), 11) және 11-1) тармақшаларында көзделген негіздері теріс уәждер деп танылады.

ҚР Конституциялық Сотының 14.07.2023 № 22 нормативтік қаулысымен "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабының 5-тармағы төмендегідей түсіндірmedе Қазақстан Республикасының Конституациясына сәйкес келеді деп танылды : көсіби жарамсыздығына байланысты атқаратын лауазымына сай келмейді деген теріс себеппен өкілеттіктің тоқтатылуы лауазымынан босатылған судья үшін құқықтық салдарға әкеп соғу "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы шенберінде ғана болуға тиіс; көрсетілген себеппен судья лауазымынан босатылған азамат өзге де салаларда, оның ішінде мемлекеттік қызметте еңбек ету бостандығына конституциялық құқығын іске асыра алады..

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 245-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.03.2017 № 52-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2017 № 119-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.03.2023 № 215-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 05.07.2024 № 109-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

34-1-бап. Судья лауазымында болудың шекті жасы

1. Судья Қазақстан Республикасының заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған кезде оның шекті жасқа толғанға дейін судья лауазымында одан әрі болуына Жоғары Сот Кеңесі рұқсат етеді.

2. Судья лауазымында болуға оның шекті жасқа – алпыс бес жасқа толуына дейін жол беріледі, бұл айрықша жағдайларда осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Ескерту. 34-1-баппен толықтырылды - ҚР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 215-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

35-бап. Судьяның орнынан тұсуі

1. Мінсіз беделі, кемінде жиырма жыл судьялық жұмыс өтілі бар судьяның судья атағын, судьялар қоғамдастығына жататынын, жеке басына тиіспеушілік кепілдігін және осы Конституциялық заңда көзделген өзге де материалдық және әлеуметтік кепілдіктерін сақтай отырып, лауазымынан құрметпен кету нысанында судья өкілеттіктерінің тоқтатылуы отставка болып табылады.

Судьяны орнынан тұсу нысанында лауазымынан босату судьяның Жоғары Сот Кеңесіне орнынан тұсу туралы жазбаша өтініші бойынша жүзеге асырылады. Судьяның орнынан тұсу туралы өтінішін қарау тәртібін Жоғары Сот Кеңесі айқындайды.

1-1. Қазақстан Республикасының Президенті басқа лауазымдарға тағайындауға байланысты өз өкілеттігін тоқтатқан судьялардың осы бапта белгіленген талаптарға сай келген жағдайда отставкаға және осы бапта көзделген төлемдер мен кепілдіктерге құқығы бар.

2. Отставкаға шыққан кезде судьяға жиырма төрт айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде біржолғы шығу жәрдемақысы төленеді.

2-1. Отставка тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған жағдайлардан басқа кезде, кемінде он бес жыл судьялық жұмыс өтілі бар, Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған отставкадағы, оның ішінде 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін отставкаға шыққан судьяның соңғы атқарған лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысының елу пайызы мөлшерінде салық салынбайтын өмір бойғы ай сайынғы қамтылым төленеді.

Жиырма жылдан асатын судьялық жұмыс өтілінің әрбір жылды үшін, ал 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін отставкаға шыққан судьяларға – он бес жылдан асатын судьялық жұмыс өтілінің әрбір жылды үшін отставкадағы судьяның өмір бойғы ай сайынғы қамтылымының мөлшері судьяның соңғы атқарған лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысының бір пайызына ұлғайтылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-1-тармақтың үшінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 05.07.2024 № 109-VIII (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларына, сондай-ақ осы Конституциялық заң қолданысқа енгізілгенге дейін отставкада болған, өмір бойғы қамтылым алған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларына қатысты 01.01.2025 бастап; кассациялық соттардың, облыстық және оларға теңестірілген

соттардың судьяларына, сондай-ақ осы Конституциялық заң қолданысқа енгізілгенге дейін отставкада болған, өмір бойғы қамтылым алған облыстық және оларға теңестірілген соттардың судьяларына қатысты 01.01.2026 бастап; аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьяларына, сондай-ақ осы Конституциялық заң қолданысқа енгізілгенге дейін отставкада болған, өмір бойғы қамтылым алған аудандық және оларға теңестірілген соттардың судьяларына қатысты 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

Отставкадағы судьяның өмір бойғы ай сайынғы қамтылымының ең жоғары мөлшері судьяның соңғы атқарған лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысының алпыс бес пайызынан және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жұз тоғыз еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Отставкадағы судьяға өмір бойғы ай сайынғы қамтылымының мөлшері көрсетілген қамтылымды төлеуге өтініш берілген күнге қолданыста болатын, судьялар үшін еңбекке ақы төлеу жүйесіне сәйкес соңғы атқарған лауазымы бойынша есептеледі.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен судьялардың еңбегіне ақы төлеу мөлшері арттырылған кезде тиісінше өмір бойғы ай сайынғы қамтылымды қайта есептеу жүргізіледі.

Отставкадағы судьяға өмір бойғы ай сайынғы қамтылым төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Отставкадағы судьяның өз жеке зейнетақы шотында қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

2-2. Алып тасталды – ҚР 05.07.2024 № 109-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

3. Судьяның отставкасы:

1) ол қылмыс жасаған немесе сот билігінің беделіне нұқсан келтіретін теріс қылық жасаған;

2) саяси партияға кірген;

3) өз тілегі бойынша;

4) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

5) ол қайтыс болған немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі занды күшіне енген жағдайларда тоқтатылады.

Жоғары Сот Кеңесі:

1) егер отставкадағы судья "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген тәртіппен кандидат ретінде тіркелсе;

2) судья лауазымына қайта тағайындалған жағдайда;

3) осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген судьяның отставкасын тоқтату негіздері қаралғанға дейін;

4) егер отставкадағы судья "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес сайланса, судьяның отставкасын тоқтата тұруды жүзеге асырады.

Егер судьяның отставкасын тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға негіз болған мән-жайлар жойылса, судьяның отставкасы қалпына келтіріледі.

4. Судья орнынан тұсуі тоқтатылған жағдайда жеке басына тиіспеушілік кепілдігінен және осы Конституциялық заңының 51, 53 және 55-баптарында көзделген кепілдіктерден айырылады.

Судьяның орнынан тұсуі тоқтатыла тұрған жағдайда жеке басына тиіспеушілік кепілдігі мен осы Конституциялық заңының 51, 53 және 55-баптарында көзделген кепілдіктердің қолданылуы да тоқтатыла тұрады.

5. Орнынан тұсуді тоқтату судьяны орнынан тұсуіне байланысты лауазымнан босатудың сол тәртібімен жүзеге асырылады.

6. Отставкадағы және судья лауазымында болудың шекті жасына толмаған судьялар, олардың келісімі болған кезде судьяның уақытша болмауы кезеңінде, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге сот төрелігін іске асыруға тартылуы мүмкін.

7. Орнынан тұсуге құқықты растауды және оны тоқтатуды Жоғары Сот Кеңесі жіберген материалдардың негізінде Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия қарайды.

Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешімі Жоғары Сот Кеңесіне қарау үшін жіберіледі.

Ескерту. 35-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.12.29 № 370-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 245-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.07.2015 № 341-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.03.2017 № 52-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.03.2023 № 215-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 225-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 109-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

35-1-бап. Судьяны зейнетакымен қамсыздандыру

1. Судьяны зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

2. Судья теріс себептер бойынша лауазымынан босатылған кезде 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған қосымша міндettі зейнетақы жарналары республикалық бюджетке алынады.

Ескерту. 35-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 31.07.2015 № 341-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 225-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

36-бап. Жоғары Сот Кеңесі

Жоғары Сот Кеңесінің мэртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Ескерту. 36-бап жаңа редакцияда – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

37-бап. Судьялар қоғамдастығы мен оның органдары

1. Судьялар қоғамдастығының ортақ мүдделерін іске асыру мен қорғау мақсатында судьялардың қоғамдық бірлестіктер құруға құқығы бар.

2. Судьялық бірлестіктер қажет болған жағдайларда заңдарда белгіленген тәртіппен өз мүшелерінің мүдделерін білдіреді, қорғайды және сот төрелігінің іске асырылуына ықпал етуге құқылды емес, сондай-ақ саяси мақсаттарды көзdemеуге тиіс.

38-бап. Судьялардың тәртіптік-біліктілік алқалары

Ескерту. 38-бап алып тасталды - ҚР 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

38-1-бап. Сот жюри

1. Судьяларға қатысты тәртіптік істерді қарau үшін Жоғары Сот Кеңесінің жанынан Сот жюри құрылады.

Сот жюри і он үш судьядан – аудандық соттардың үш судьясынан, облыстық соттардың төрт судьясынан, кассациялық соттардың үш судьясынан және Жоғарғы Соттың үш судьясынан тұрады. Сот жюриіне кеңесші дауыс беру құқығы бар заңгерлер қауымының екі өкілі де кіреді.

Судьялар Сот жюриінің құрамына осы Конституциялық заңның 22-бабының 2-1-тармағына сәйкес Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысының ұсынымы бойынша тағайындалады, ал заңгерлер қауымының өкілдерін ұйымдардың жарғысына сәйкес олардың ұсынымы бойынша Жоғары Сот Кеңесі тағайындейдьы.

Жоғары Сот Кеңесі Сот жюриінің құрамына кандидатураларды уәжді шешімімен қабылдамауға құқылды.

Сот жюриінің төрағасын Сот жюриі құрамының өзі өздерінің арасынан сайлайды.

2. Сот жюриінің судьяға қатысты материалдарды қарауына мыналар негіз болып табылады:

1) судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін судьяға қатысты, лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін сот төрағасына немесе сottың сот алқасының төрағасына қатысты Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы;

2) облыстық соттардың және Жоғарғы Сottың жалпы отырыстарының лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік іс жүргізу шенберінде сот төрағасының немесе сот алқасы төрағасының әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы шешімдері;

3) сот істері мен материалдарын қарау кезінде зандалықты өрескел бұзғаны үшін судьяны тәртіптік жауаптылықта тарту мәселесі бойынша ұсыну;

4) судья әдебі жөніндегі комиссиялардың судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік іс жүргізу шенберінде судьяның әрекеттерін тексеру үшін оған қатысты материалдарды Сот жюриіне беру туралы, сондай-ақ тексеру қорытындылары бойынша судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық жасау фактісі расталған масс-медиадағы, онлайн-платформалардағы, жеке және занды тұлғалардың жолданымдарындағы мәліметтер бойынша шешімдері.

3. Сот жюриінің қызметін қамтамасыз етуді Жоғары Сот Кеңесінің Аппараты жүзеге асырады.

4. Сот жюриін қалыптастыру және оның жұмысын ұйымдастыру, сондай-ақ Сот жюриінің материалдарды, тәртіптік істерді қарау тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ережеде айқындалады.

Ескерту. 38-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 05.07.2024 № 109-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Конституциялық зандарымен.

38-2-бап. Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы

Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы (бұдан әрі – Академия) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады, сот жүйесі кадрларын қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және ғылыми қызметті жүзеге асырады.

Академияда мемлекеттік тапсырыс шенберінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша осы Конституциялық занда көзделген талаптарға сай келетін азаматтар оқи алады.

Мемлекеттік тапсырыс шенберінде магистратурада оқу үшін Жоғары Сот Кеңесі тиісті жылға аудандық соттардың судьялары бос лауазымдарын ескере отырып, өнірлер бойынша квота белгілеуге құқылы.

Жоғары Сот Кеңесі Академияны жалпы басқаруды жүзеге асыратын уәкілдепті орган болып табылады.

Академияны құруды, оның мәртебесін және жұмысын ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

Ескерту. 3-бөлім 38-2-баппен толықтырылды - ҚР 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР 05.07.2024 № 109-VIII (15.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

38-3-бап. Аудандық сот төрағасы, облыстық сот төрағасы, сот алқаларының төрағалары және судьясы, кассациялық сот судьясы және төрағасы, Жоғарғы Сот судьясы және сот алқаларының төрағалары лауазымдарына кадр резерві

Ескерту. 38-3-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 05.07.2024 № 109-VIII (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

Аудандық сот төрағасы, облыстық сот төрағасы, сот алқаларының төрағалары және судьясы, кассациялық сот судьясы және төрағасы, Жоғарғы Сот судьясы және сот алқаларының төрағалары лауазымдарына кадр резервін (бұдан әрі – кадр резерві) Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Кадр резерві жөніндегі комиссия қалыптастырады.

Кадр резерві жөніндегі комиссияны қалыптастыру және кадр резервімен жұмысты ұйымдастыру тәртібін Жоғары Сот Кеңесі айқындайды.

Ескерту. 3-бөлім 38-3-баппен толықтырылды - ҚР 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз); өзгеріс енгізілді – ҚР 05.07.2024 № 109-VIII (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

2-тарау. СУДЬЯЛАРДЫҢ ТӘРТІПТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

39-бап. Судьялардың тәртіптік жауапкершілігінің негіздері

1. Судья тәртіптік теріс қылышқа жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Қызметтік міндеттерін атқару не қызметтен тыс кездегі кінәлі әрекет (әрекетсіздік) салдарынан осы Конституциялық заңың және (немесе) Судья әдебі кодексінің ережелері бұзылып, бұл сот билігі беделін түсіруге және судьяның беделіне нұқсан келтіруге алып келген тәртіптік теріс қылышқа болып табылады.

Судья тәртіптік жауаптылыққа:

1) сот істері мен материалдарын қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін тартылуы мүмкін.

Заңдылықты өрескел бұзу деп судья өзінің адал болмауы немесе ұқыпсыздығы салдарынан жол берген, заңды анық және елеулі түрде бұзуы түсініледі.

Заңдылықтың өрескел бұзылу фактісін осы негіз бойынша сот актісінің күшін жойған немесе өзгерткен жоғары тұрган сот сатысы анықтайды және істі қараған судьялардың алқа құрамы қол қойған, судьяны заңдылықты өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту мәселесі жөніндегі ұсынуда көрсетіледі.

Дәлелдемелерді бағалауға байланысты сот актісінің күшін жою немесе оны өзгерту заңдылықты өрекел бұзы болып табылмайды;

КР Конституциялық Сотының 06.12.2023 № 36-НҚ нормативтік қаулысымен "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 39-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылды.

2) судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін тартылуы мүмкін.

3) алып тасталды - КР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

2. Сот төрағалары және соттардың сот алқаларының төрағалары осы Конституциялық заңда көзделген лауазымдық міндеттерін тиісінше орындағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

3. Судьялық қате, сондай-ақ сот актісінің күшін жою немесе оны өзгерту, егер заңдылықты өрекел бұзылу фактісі анықталмаса, судьяның жауаптылығына алып келмейді.

Судьяның кінәлі әрекеттеріне байланысты емес, материалдық немесе процестік құқық нормаларын дұрыс түсіндірмеуге және қолданбауға алып келген іс-әрекет судьялық қате деп танылады.

Ескерту. 39-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.12.2015 № 437-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 05.07.2024 № 109-VIII (01.10.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

40-бап. Судьяларға қатысты қолданылатын жазалардың түрлері

1. Судьяларға тәртіптік жазаның мына түрлері қолданылуы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;

3) алып тасталды - КР 2010.12.29 № 370-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

4) қызметтік міндеттерін тиісінше атқармағаны үшін сот төрағасы немесе сот алқасының төрағасы қызметінен босату;

5) осы Конституциялық заңда көзделген негіздер бойынша судья қызметінен босату

2. Әрбір тәртіп бұзушылық үшін тәртіптік теріс қылықтың сипаты, судьяның жеке басы туралы деректер және оның кінәсінің дәрежесі ескеріле отырып, тек бір тәртіптік жаза қолданылады.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.12.29 № 370-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

41-бап. Тәртіптік іс қозғау құқығы

Ескерту. 41-бап алып тасталды - КР 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

42-бап. Тәртіптік істі қарau мерзімдері

1. Судьяға қатысты тәртіптік іс жүргізу теріс қылық анықталған күннен бастап – бір жылдан кешіктірілмей және теріс қылық жасалған күннен бастап екі жылдан кешіктірілмей басталуы мүмкін.

Судьяның тәртіптік теріс қылық анықталған күннен кейін дәлелді себеппен жұмыста болмаған уақыты осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерге қосылмайды.

1-1. Жоғары тұрған сот сатысының заңдылықтың бұзылу фактісі анықталған, судьяны тәртіптік жауаптылыққа тарту мәселесі жөніндегі ұсынуды шығарған күн судьяның сот ісін қарau кезінде заңдылықты бұзуына байланысты тәртіптік теріс қылық анықталған күн болып есептеледі, ал заңсыз сот актісі шығарылған күн осындай теріс қылық жасалған күн болып есептеледі.

Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы енгізілген күн немесе судья әдебі жөніндегі комиссияның судьяның судья әдебіне қайшы келетін, атына кір келтіретін теріс қылық жасау фактісін анықтаған шешім шығарған күні судья әдебіне қайшы келетін тәртіптік теріс қылықтың анықталған күні болып есептеледі, ал осындай теріс қылық жасалған күн немесе кезең оның жасалған күні болып есептеледі.

Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы енгізілген, лауазымдық міндеттерді тиісінше орындау фактісін анықтаған облыстық соттардың және Жоғарғы Соттың жалпы отырыстарының шешімдер қабылдаған күні соттар төрағаларының, соттардың сот алқалары төрағаларының өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауына байланысты тәртіптік теріс қылықтың анықталған күні болып есептеледі, ал соттар төрағаларының, соттардың сот алқалары төрағаларының өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындаған күні немесе кезеңі осындай теріс қылықтың жасалған күні болып есептеледі.

Егер тәртіптік теріс қылық жасалған күн уақыт кезеңімен айқындалатын болса, осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімдерді есептеу кезеңі аяқталғаннан кейінгі келесі күннен бастап жүзеге асырылады.

2. Тәртіптік іс жүргізу қызметтік тексеру және судьяның дәлелді себеппен жұмыста болмаған уақытын есептемегендеге, басталған күннен бастап екі ай мерзімде аяқталуға тиіс.

Ескеरту. 42-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 20.12.2021 № 82-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 109-VIII (01.10.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

42-1-бап. Судьяны тәртіптік жауаптылыққа тарту кезіндегі оның құқықтарының кепілдіктері

Судья барлық материал Сот жюриіне жіберілгенге дейін олармен танысуға тиіс.

Судья тәртіптік істі қарauғa жеке өзі, сондай-ақ өкілдерімен бірге қатысуға құқылы.

Адвокаттар, зан консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын зан консультанттары ғана судьяның өкілдері бола алады.

Ескерту. 42-1-баппен толықтырылды – ҚР 05.07.2024 № 109-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

43-бап. Тәртіптік істерді қарau жөніндегі органдар

Ескерту. 43-бап алып тасталды - ҚР 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

44-бап. Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешімдері

1. Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия жұмыс істеп жүрген судьялардың кәсіптік қызметін бағалау туралы материалдарды қарau нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) атқаратын лауазымына сай деп тану;

1-1) Академияға біліктілікті арттыру курсарына, оның ішінде жеке жоспар бойынша жібере отырып, атқаратын лауазымына сай келеді деп тану;

2) алып тасталды – ҚР 20.12.2021 № 82-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

3) жоғары тұрған лауазымға (жоғары тұрған сот сатысына) кадр резервіне алуға ұсыным жасау;

4) жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа ауыстыру туралы;

5) кәсіптік жарамсыздығына орай атқаратын лауазымына сай келмейді деп тану;

6) алып тасталды – ҚР 20.12.2021 № 82-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген шешімі ұсынымдық сипатта болады.

2. Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның кәсіптік қызметті бағалау нәтижелері бойынша судьяны кәсіптік жарамсыздығына қарай атқаратын лауазымына сай келмейді деп тану туралы шешімі Жоғары Сот Кеңесінің судьяны атқаратын лауазымынан босату туралы мәселені қарauына негіз болып табылады.

Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның кәсіптік қызметті бағалау нәтижелері бойынша судьяны жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа ауыстыру туралы шешімі Жоғары Сот Кеңесінің судьяны жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа ауыстыру туралы, ал ауысадан бас тартқан жағдайда судьяны атқаратын лауазымынан босату туралы мәселені қарауына негіз болып табылады.

3. Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия отставкаға құқықты растау туралы етініш бойынша материалды, сондай-ақ отставканы тоқтату туралы материалды қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) отставкаға құқықты растау туралы;
- 2) отставкаға құқықты растаудан бас тарту туралы;
- 3) судьяның отставкасын тоқтату туралы;
- 4) судьяның отставкасын тоқтатудан бас тарту туралы.

4. Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның шешіміне судья Жоғары Сот Кеңесіне шағым жасауы мүмкін.

ҚР Конституциялық Сотының 21.04.2023 № 10 нормативтік қаулысымен "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабының 4-тармағы, 44-1-бабының 3-тармағы және "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 1-тармағы Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағына сәйкес келеді деп танылды.

5. Жоғары Сот Кеңесінің судьяны атқаратын лауазымынан босату туралы ұсыным беруден бас тартуы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия шығарған шешімнің күшін жояды. Жоғары Сот Кеңесінің Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия шешімінің күшін жоюы Жоғары Сот Кеңесінің не Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның осы бапта көзделген өзгеше шешім қабылдауына негіз болып табылады.

Жоғары Сот Кеңесінің осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген шешімді қабылдауы Жоғары Сот Кеңесінің судьяны жүктемесі аз басқа сотқа, төмен тұрған сотқа ауыстыру туралы мәселені қарауына негіз болып табылады.

Ескерту. 44-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 20.12.2021 № 82-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 215-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 109-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

44-1-бап. Сот жюриінің шешімдері

1. Сот жюри і тәртіптік істі қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) осы Конституциялық заңының 40-бабының 1-тармағында көзделген тәртіптік жазаны қолдану туралы;

2) тәртіптік іс жүргізуді тоқтату туралы.

2. Сот жюриінің шешімі Жоғары Сот Кеңесінің төрағаны, сот алқасының төрағасын және судьяны атқаратын лауазымынан босату туралы мәселені қарауы үшін негіз болып табылады.

3. Сот жюриінің шешіміне судья Жоғары Сот Кеңесіне шағым жасауы мүмкін.

ҚР Конституциялық Сотының 21.04.2023 № 10 нормативтік қаулысымен "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 44-бабының 4-тармағы, 44-1-бабының 3-тармағы және "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 1-тармағы Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағына сәйкес келеді деп танылды.

4. Жоғары Сот Кеңесінің сот төрағасын, сот алқасының төрағасын және судьяны атқаратын лауазымынан босату туралы ұсыным беруден бас тартуы не Жоғары Сот Кеңесінің судьяға қандай да бір тәртіптік жаза қолданудың негізсіздігі туралы шешімі Сот жюриі шығарған шешімнің күшін жояды және тәртіптік іс қайта қарауға жіберіледі

Сот жюриі шешімінің күші жойылған кезде Жоғары Сот Кеңесі Сот жюриіне осы Конституциялық заңының 40-бабының 1-тармағында көзделген өзге тәртіптік жазаны қолдануды не судьяға қатысты тәртіптік іс жүргізуді тоқтатуды ұсынуға құқылы.

Ескерту. 3-бөлім 44-1-баппен толықтырылды - ҚР 21.02.2019 № 226-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 20.12.2021 № 82-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

45-бап. Тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі

1. Егер судья жаза қолданылған күннен бастап бір жыл бойы жаңадан тәртіптік жазаға тартылмаса, онда ол тәртіптік жазаға тартылмаған деп есептеледі.

2. Судьяның тәртібі мінсіз болған және ол өз міндеттерін адал атқарған кезде, Сот жюриі тәртіптік жазаны ол қолданылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін мерзімінен бұрын алуы мүмкін.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

46-бап. Тәртіптік-білктілік алқаларының шешімдеріне шағымдану

Ескерту. 46-бап алып тасталды - ҚР 2012.02.16 № 559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

3-тарау. СУДЬЯЛARDЫ МАТЕРИАЛДЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

47-бап. Судьяларды материалдық қамтамасыз ету

1. Судьяларды материалдық қамтамасыз ету оның мэртебесіне сай болуға және сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс және оны азайтуға болмайды.

2. Судьялардың еңбегіне ақы төлеу судьяның мэртебесі, оны тағайындау және сайлау тәртібі, сондай-ақ ол жүзеге асыратын функциялар ескеріле отырып, Конституцияның 66-бабының 9-1) тармақшасына сәйкес айқындалады.

3. Осы Конституциялық заңның 34-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген жағдайларда, судья лауазымынан босату кезінде кемінде үш жыл судьялық жұмыс өтілі болған жағдайда оған төрт орташа айлық жалақысы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысын төлеу жүргізіледі.

Ескерту. 47-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 245-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен

48-бап. Судьялардың біліктілік сынныптары

Ескерту. Алып тасталды - ҚР 2010.12.29 № 370-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

49-бап. Судьялардың жыл сайынғы демалыстары

Судьяларға сауығуы үшін лауазымдық екі айлықақы мөлшерінде жәрдемақы төлене отырып, күнтізбелік отыз күнге жыл сайынғы демалыс беріледі.

50-бап. Көшкен кездегі өтемақы

Қызметі бойынша Қазақстанның бір өнірінен екінші өніріне судья болып тағайындалған (сайланған) судьяларға, қайта тағайындалған (қайта сайланған) судьяларға және олардың отбасы мүшелеріне көшуге байланысты шығыстары шыққан шығынының көлемінде төленеді.

Ескерту. 50-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен.

51-бап. Тұрғын үймен қамтамасыз ету

1. Судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет есебінен жүргізіледі.

2. Судьяға және оның отбасы мүшелеріне кезектен тыс, бірақ қызметіне кіріскең күнінен бастап алты айдан кешіктірілмей, нақты жер жағдайына қарай, мемлекеттік тұрғын үй қорынан, судьяны тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүқтаж азаматтардың санатына жатқызбайтын нормалар бойынша тұрмысқа жайлы тұрғын үй беріледі. Судья үнемі тұрып жатқан қызметтік тұрғын үй-жай оның қалауы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жекешелендіруі мүмкін.

3. Судья қызметінен босатылғанда оны және отбасы мүшелерін басқа тұрғын үй бермей тұрып қызметтік тұрғын үйден шығаруға болмайды.

4. Осы Конституциялық заңның 34-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген жағдайларда, судья лауазымынан босату кезінде оған өзі тұрып жатқан қызметтік тұрғын үй-жайды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жекешелендіру құқығы беріледі.

Ескерту. 51-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 07.11.2014 № 245-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен

52-бап. Судьяларды мантиямен қамтамасыз ету

Барлық соттардың судьялары республикалық бюджет қаражаты есебінен судьялық мантиямен қамтамасыз етіледі.

53-бап. Судьяларға медициналық қызмет көрсету

1. Судьялар және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық қызмет көрсетумен белгіленген тәртіппен қамтамасыз етіледі.

2. Судьяларға медициналық қызмет көрсетудің тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Ескерту. 53-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 07.11.2014 № 245-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен

54-бап. Судья мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған, кәсіби ауруға шалдықкан) немесе қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайдағы өтемақы

1. Судья қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертіксе (жарақаттанса, жараланса, контузия алса, кәсіби ауруға шалдықса), оған осы бапта белгіленген мөлшерде біржолғы өтемақы төленеді.

2. Судья қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда не қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертігу (жарақаттану, жаралану, контузия алу, кәсіби ауруға шалдығу) салдарынан судья өкілеттігін тоқтатқаннан кейін бір жылдың ішінде оны алуға құқығы бар адамдарға соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық лауазымдық айлықақысы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

3. Судьяның қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертігүйінің (жарақаттануының, жаралануының, контузия алуының, кәсіби ауруға шалдығуының) нәтижесінде мүгедек болғаны белгіленген жағдайда, оған:

- 1) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға - отыз айлық лауазымдық айлықақы;
- 2) екінші топтағы мүгедектігі бар адамға - он сегіз айлық лауазымдық айлықақы;

3) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамға - алты айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

4. Судья қызметтік міндеттерін атқару кезінде мүгедектік белгілеуге әкеп соқтырмаған ауыр мертіккен (жарақаттанған, жараланған, контузия алған, кәсіби ауруға шалдыққан) жағдайда оған бір жарым айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде, женіл мертіккен жағдайда - жарты айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

5. Біржолғы өтемақы төлеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

6. Егер судьяның қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты емес жағдайларда мертіккені (жарақаттанғаны, жараланғаны, контузия алғаны, кәсіби ауруға шалдыққаны) немесе қаза тапқаны (қайтыс болғаны) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, біржолғы өтемақы төленбейді.

Ескерту. 54-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 20.04.2023 № 225-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

55-бап. Жерлеуге жұмсалатын шығыстардың өтемақысы

Қайтыс болған немесе қаза тапқан судьяларды, отставкадағы судьялар мен судья қызметінен зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлерді жерлеу үшін судья қайтыс болған сәттегі тиісті лауазымы бойынша судьяның үш айлық жалақысы мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы төленеді.

Біржолғы ақшалай өтемақы төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 55-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.11.17 № 80-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 05.07.2024 № 109-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

55-1-бап. Судьяны материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру кепілдіктерінен айыру

Судьяның өкілеттіктері оның қылмыс жасауына немесе сот билігінің беделіне нүқсан келтіретін теріс қылық жасауына, сот әдебі талаптарын сақтамауына және осы Конституциялық заңның 28-бабында көрсетілген өзге де талаптарды орындауына байланысты Сот жюриінің шешімі негізінде, сондай-ақ кәсіби жарамсыздығы туралы шешім негізінде тоқтатылған кезде, ол:

- 1) орнынан тұсу құқығынан және жеке басына қол сұғылмаушылық кепілдігінен;
- 2) осы Конституциялық заңның 51, 53, 54 және 55-баптарында көзделген барлық материалдық және әлеуметтік кепілдіктерден айырылады.

Ескерту. 55-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.12.11 № 199 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.16 №

559-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 04.12.2015 № 437-V Конституциялық заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

4-бөлім. Сот әкімшілігі

Ескерту. 4-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

56-бап. Сот әкімшілігі

1. Қазақстан Республикасының Президенті құратын уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да сottардың қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға құқықтық статистикалық құжатталған ақпаратты ұсынуды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2. Тиісті уәкілетті мемлекеттік орган және уәкілетті органның облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері уәкілетті органның бірыңғай жүйесін құрайды.

3. Уәкілетті органның құзыреті Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ережеде айқындалады.

4. Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуымен уәкілетті органның басшысын лауазымға тағайындейды және лауазымнан босатады.

5. Уәкілетті органның басшысы уәкілетті органның және оның облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерінің құрылымын және штат кестесін Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат саны лимитінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітеді.

6. Уәкілетті органның қызметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Уәкілетті органның қызметкерлері мәртебесі, жалақы мөлшері мен денгейі, материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етудің өзге де жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының тиісті қызметкерлеріне теңестіріледі.

Ескерту. 56-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2022 № 176-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 222-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

57-бап. Сottарды қаржыландыру

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотын, жергілікті және басқа соттарын қаржыландыру республикалық бюджет қаржатының есебінен жүзеге асырылады.

2. Сот жүйесінің бюджеті соттардың өз конституциялық өкілеттіктерін орындаудын толық қамтамасыз етуге тиіс.

Сот жүйесінің шығыстары өткен қаржы жылы үшін республикалық бюджетте белгіленген барлық мемлекеттік органдардың 001-бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстарының жалпы сомасының кемінде алты жарым пайызын құрайды.

3. Республикалық бюджетті нақтылау, республикалық бюджетті түзету немесе секвестр жүргізу нәтижесінде барлық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстардың жалпы сомасы төмендеген жағдайда республикалық бюджетте тиісті жоспарлы кезеңге белгіленген сот жүйесіне арналған шығыстардың мөлшері азайтуға жатпайды.

4. Республикалық бюджетте тиісті жоспарлы кезеңге белгіленген сот жүйесіне арналған шығыстар секвестрлеуге жатпайды.

Ағымдағы қаржы жылы ішінде республикалық бюджетті нақтылау, түзету кезінде республикалық бюджетте тиісті жоспарлы кезеңге белгіленген сот жүйесіне арналған шығыстар азайтуға жатпайды.

Сот жүйесінің бюджеттік бағдарламалар әкімшісі үшін Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген ағымдағы әкімшілік шығыстар лимиті белгіленбейді.

5. Сот жүйесінің бюджетін шығыстардың деңгейлері мен бағыттары бойынша бөлу өзі бекітетін регламентке сәйкес Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысында бекітіледі.

6. Сот жүйесінің бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік өтінімі республикалық бюджет жобасына өзгерістер жасалмай енгізіледі.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен сот жүйесінің бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік өтініміне Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкестігі мен есеп-қисаптардың дұрыстығына қорытынды дайындауды.

7. Халықаралық кеңестің қызметін ұйымдастыру үшін республикалық бюджеттен бөлінген қаржатты пайдалану тәртібін уәкілетті орган айқындауды.

8. Уәкілетті органның басшысы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген тәртіппен құрылатын Республикалық бюджет комиссиясының мүшесі болып табылады.

Ескерту. 57-бап жаңа редакцияда – ҚР 20.12.2021 № 82-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

5-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛ ЕРЕЖЕЛЕР

58-бап. Күші жойылды деп танылған заң актілері

Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1. "Қазақ ССР-інің сот құрылышы туралы" 1990 жылғы 23 қарашадағы Қазақ ССР-ның Заңы (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1990 ж., № 48, 443-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1992 ж., № 8, 206-құжат; № 11-12, 293-құжат; 1993 ж., № 8, 161-құжат; 1995 ж., № 23, 140-құжат).

2. "Қазақ ССР-інің сот құрылышы туралы" Қазақ ССР Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 1990 жылғы 23 қарашадағы қаулысы (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1990 ж., № 48, 444-құжат).

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты қызметінің ұйымдық мәселелері туралы" 1994 жылғы 7 ақпандағы № 1545 заң күші бар Жарлығы (Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы, 1994 ж., № 6, 62-құжат).

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы соттары судьяларының материалдық және әлеуметтік қамсыздандырылу деңгейін арттыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1994 жылғы 18 сәуірдегі № 1670 заң күші бар Жарлығы (Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы, 1994 ж., № 18, 182-құжат).

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының төменгі соттарын құру тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы № 2125 заң күші бар Жарлығы (Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы, 1995 ж., № 10, 113-құжат).

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының соттары туралы" 1995 жылғы 20 қазандағы № 2581 заң күші бар Жарлығы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1995 ж., № 21, 128-құжат; № 22, 134-құжат).

7. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы № 2694 конституциялық заң күші бар Жарлығы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 147-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 78-құжат; № 11, 156-құжат; № 13-14, 194-құжат; 1999 ж., № 4, 100-құжат; № 23, 915-құжат; № 10, 231-құжат).

59-бап. Осы Конституциялық заңды қолданысқа енгізу және судьялар қызметінің онымен байланысты ерекшеліктері

1. Осы Конституциялық заң тиісті зандардың қабылдануына қарай, бірақ 2001 жылдың 1 шілдесінен кешіктірілмей қолданысқа енгізілетін 11 баптың 2-тармағын, 13-бапты, 18-баптың 2-тармағын, 19-бапты, 30-бапты және 36-баптың 2-тармағының екінші бөлігін қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Конституциялық заң қолданысқа енгізілгенге дейін қызметке тағайындалған немесе сайланған Республика соттарының қызмет етіп жүрген төрағалары мен судьялары өз өкілеттіктерін сақтайды.

3. Осы Конституциялық заң қолданысқа енгізілгенге дейін қызметке сайланған немесе тағайындалған сот төрағаларының бесжылдық өкілеттік мерзімі қызметке сайланған немесе тағайындалған сәттен бастап есептеледі.

4. Қазақстан Республикасы облыстық, оларға теңестірілген соттарының және Жоғарғы Сотының сот алқаларының төрағалары осы Конституциялық заңмен көзделген Қазақстан Республикасы соттарының алқалары құрылғанға дейін өз өкілеттіктерін сақтайды.

5. 2019 жылғы 1 қаңтар – 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезенде отставкаға шыққан және "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толмаған судьялар үшін осы Конституциялық заңының 35-бабының 2-тармағында көзделген біржолғы жәрдемақы мөлшері 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болатын енбекке ақы төлеу мөлшерінен айқындалады.

6. Осы Конституциялық заңының 35-бабы 1-1-тармағының күші ол қолданысқа енгізілгенге дейін судья өкілеттігін тоқтатқан адамдарға қолданылады.

Ескерту. 59-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.02.2019 № 226-VI Конституциялық заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).

*Қазақстан Республикасының
Президенті*